

# Психологиялық кеңес беру






Психологиялық кеңесті дұрыс ұйымдастыру клиентке, өзіне және өз өмірлік ситуациясына жаңа көқараспен қарауға, өз әрекетінің шынайы мотивін ұғынуға, тұлғаишілік және тұлғааралық шиеленісті тұтастай көруге, ең бастысы- жаңа жеке тәжірибе алуға, шиеленісті шешу тәсілін меңгеруге және проблемалық ситуацияны жеңуге мүмкіндік береді.



Психологиялық кеңес беру барысында сенімді атмосфера құру үшін төмендегідей жағдайларды сақтау қажет:



- кеңес беру барысында басқа іске көңіл бөлмей, барлық зейінді клиентке аудару қажет (телефонмен сөйлесу, басқа адамның араласуы);
- клиентке толық жеткізуге мүмкіндік беру, оның өміріне қызығушылық таныту, шектен тыс білуге құмартпау, жауап алмай, сұрау қажет;
- әдептілік таныту, шекара сақтау;





- психологтың этикалық кодексін сақтау;
- клиентті кінәламау және бағаламау;
- ақыл-айту керек емес, өмірлік маңызды шешімді өз бетінше жасау үшін жағдай құру;
- достық, табиғилық, адалдық таныту;
- жекелік және кәсіби қатынастарды шектеу;
- тыныш, дыбыссыз, шусыз жерлерде, бір жерде кеңес беру, өте ашық түстің қажеті жоқ.




# Психологиялық кеңес берудегі тарихи негізгі бағыттары:



тереңдік психология - психоанализ (З.Фрейд),  
индивидуальді психология (А.Адлер),  
аналитикалық психология (К.Г.Юнг),  
трансактілі талдау (Э. Берн);  
бихевиоральді бағыт-әлеуметтік үйрену,  
әлеуметтік құзіреттілік тренингтері



- когнитивті терапия;
- рациональді- эмоциялық терапия (А. Эллис);
- гуманистік бағыт - гештальттерапия (Р. Перлз), топтық терапия (К. Роджерс), логотерапия (В. Франкл), психодрама (Морено).




Психоанализдің негізгі міндеті адамды басқарып отыратын сана астары аймағын анықтау және меңгеру.

Психодинамикалық теория позициясында психолог клиентпен жұмыс жасағанда өзінің сана астары процестерін түсінуге және оған ықпал етуге үйрету болып табылады.



**Психодинамикалық теория** негізінде жұмыс жасайтын психолог интервью процесінде төмендегі тәсілдерді пайдаланады:


- 1) күнделікті белгілерді талдау, мысалы, берілген сөйлемдерге клиенттің бағдарланған ассоциациялар;
- 2) «Фрейдтік қателік»- клиенттің бейсаналылық сезімдерін айтқанда кемшіліктер, сынықтар. Еркін ассоциациялар осы қателіктердің мазмұнын түсіну тәсілі болып табылады;






3) Түс мазмұны бойынша еркін ассоциациялар ағымы арқылы түс көруді талдау;

4) Қарсыласуды талдау ығысу механизмдерінің көрініс берулері ретінде алға шығады. Клиентке қатысты өз сезімдерін түсіну және сезімдерін түсіну икемділігі кез-келген бағыттағы практик-психолог жұмысының негізгі бөлімі болып табылады.




Психолог кеңес берудегі бихевиоральді бағыт. Бұл бағыттағы психологтың әдіснамалық позициясы клиентке өз әрекетін қадағалату және өз мінез-құлығында нақты өзгерістерді туындату.


Бұл бағыт тарихи түрде Д. Уотсон және Б. Скиннер жұмыстарынан бастау алады.



Психолог клиенттің өмірлік жағдайларын өзгерту мақсатында араласады. Бұл төмендегі негізгі жағдай бойынша құрылады:

- 1) психолог пен клиенттің қатынасы;
- 2) мінез-құлықты операциялау арқылы проблеманы анықтау;
- 3) функциялық анализ арқылы проблема жағдайын түсіну;
- 4) клиент үшін әлеуметтік маңызды мақсаттарды анықтау.





**Психологиялық кеңес беру мақсаты -**  
перспективті сезімдері бар, саналы түрде әрекет ететін, мінез-құлықтың түрлі стратегиясын жүзеге асыруға қабілетті, түрлі көзқараста ситуацияны талдай алатын мәдени-өнімді тұлға қалыптастыру.


**Психолог-кеңес берушінің басты міндеті**  
мәдениет мүмкіндіктеріне сәйкес әрекет етуге мүмкіндік беретін, психикалық дені сау, қалыпты клиентке жағдай құру болып табылады.




Психологиялық кеңес берудің алғашқы кезеңі - клиентпен кездескенде алғашқы сұрақ төмендегідей болуы қажет: «Сізді мұқият тыңдап отырмын», «Айтыңызшы, Сіздің бізге келуіңіздің себебі не?».

Алғашқы келгенде клиентке қандай көмек алатындығы, неге үміттену алатындығы жөнінде алдын-ала ескертіп, психологиялық кеңес берудің не екенін түсіндіру қажет.

Егер клиент: «Сіз маған көмектесе алатындығыңызға сенімдісіз бе?» деген сұрақтар қойса, Сіз 100 % кепілдік білдірмей, жай ғана «Екеуіміз бірге шешіп көрейік» деген ұсыныс тастаңыз.



**Жұмыс кезеңі** - жұмыс барысында, диагностикалық әңгіме жүргізуде практик-психолог әдістемелерді қолдана білуі қажет. Егер кеңес беру барысында әңгімеңізге тестілік материалдарды қолдана білсеңіз, клиенттің Сізге деген сенімі артып, әңгімелесу өз нәтижесін береді. Әр клиент жұмыс жасай отырып, психолог жеке бағдарлама дайындайды, кеңес беру кезеңдеріндегі ерекшеліктер, мақсаттар мен міндеті, ұсыныстары жазылады (аптасына 1-2 рет, 50-60 мин. аспайды).



**Қорытынды кезең** - психолог кездесулер жиілігін анықтап отырады. Соңғы кезеңде видео және аудио кассеталарды сыйға тартуға болады. Мұнда кеңес беру барысы көрсетіледі.

